



ЕЛ РУХЫН КӨТЕРГЕН ӘСКЕРИ ШЕРУ

Астанадағы «Қазақ елі» алаңында
Жеңістің 80 жылдығына арналған
әскери шеру өтті.

Салтанатты іс-шараға Президент, Қарулы
Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-
Жомарт Тоқаев пен елімізге мемлекеттік
сапармен келген Вьетнам Коммунистік
партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы
То Лам қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
қазақстандықтарды Жеңіс күнімен құттықтап,
соғыс зардабы Қазақстан халқы үшін де ауыр
болғанын айтып өтті.

– Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл! Баршаңызға
Ұлы Жеңіс күні құтты болсын! Бұл
мейрам – халқымыздың жауынгерлік
рухының символы. Біз елдік
үшін күрескен батыр бабаларды
ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында
опат болған боздақтарға тағзым
етеміз. Бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған
сарбаздарға құрмет көрсетеміз.

2-БЕТТЕ

ЕРЛІКТІҢ ДАҢҚЫ ӨШПЕЙДІ

Бізге жеңіс оңайлықпен келген жоқ. 1418 күнге созылған қасіретті соғыс
қазақ даласынан да мыңдаған боздақтың жастығын жалмады. Қан майданға
1 миллион 200 мыңнан астам қазақстандық аттанып, олардың жартысынан
астамы мерт болды. Сыр бойынан 150 мыңнан астам жауынгер майданға
аттанса, 30 мыңнан астамы ұрыс даласынан туған жерге оралмады. Бүгінде
біздің аймақта қан майданға қатысқан жеңістің куәгері болған 2 қарт сарбаз
ғана қалды.

«Тағзым» алаңында Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ұлы Жеңіс –
ұрпаққа аманат» атты салтанатты шара өтті. Тағзымды шараға Парламент
Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов,
Мұрат Әбеннов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және құқық қорғау
органдарының басшылары, облыстың зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары,
қала тұрғындары қатысты.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қызылордалықтарды Жеңістің 80 жылдығымен құттықтады.
Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өткен әскери шеруде Президентіміз Қасым-Жомарт
Кемелұлы: «Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат
болған боздақтарға тағзым ететін», – деп, 500-ге жуық көшеге Қазақстан қаһармандарының
есімі берілетінін атап өтті. Осы орайда, ерекше атап өту қажет, оның 146-сы – облысымыздың
ардагерлері. Жыл аяғына дейін қаһармандардың есіміне көше беріледі. Сұрапыл соғыс

жеңімпаздарының
ерен ерлігін, шексіз
батырлығын жадымызда
жаңғырту, оларды мәңгі есте
сақтау – қасиетті борышымыз. Жеңіс
күні арыстарымызды еске алып, арамыз-
дағы ардақты ардагерлерімізге құрмет көрсету – елдік
парызымыз. Арын – байрақ, намысын – найза еткен ерлері-
міздің қаһармандығы аңызға айналуға, бүгінгідей Тәуелсіз ел атанып,
енсеміздің биік болуы, өркендеу-өрістеуіміз – Ұлы Жеңістің жемісі. Аға
буынның қайсарлығы мен төзімділігі, табандылығы мен патриоттығының арқасында
бейбіт заманда еңбек етіп, ұрпақ өсіріп, жарық болашаққа қадам басып келеміз.
Батыр бабаларымыз қол жеткізген қасиетті де ұлы ерлік ел жадында мәңгі сақталады!
Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болғай! – деді аймақ басшысы.
Салтанатты шарада ерліктің символындай болған қаһарман жауынгерлер құрметіне бір
минут үнсіздік жарияланып, ескерткішке гүл шоғы қойылды.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

БҰЛ ЖАЙ ҒИМАРАТ ЕМЕС

Облыс орталығындағы
Бейбарыс сұлтан
көшесі мен Н.Назарбаев
даңғылының қиылысында
енесі де сәулетті ғимарат
бой көтерді. Дарынды
жастардың ордасына
айналған инновациялық
шығармашылық
орталықтың ашылуын
көпшілік асыға күтті.
Жеңістің 80 жылдығы
карсаңында «Сыр
жұлдыздары» балалар мен
жасөспірімдерге арналған
шығармашылық-
инновациялық
академиясы салтанатты
түрде ашылды.




2-БЕТТЕ

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨНДІРІСТІК ӘЛЕУЕТІ

Тарихи деректерге жүгінсек, елімізден майдан
даласына 1 млн 366 мың адам аттанған. Оның 410 мыңы
елге оралмады. Сондай-ақ 700 мың адам тылда тер төкті.
Қазақстаннан аттанған сарбаздардың 497 мыңы Кеңес
Одағының батыры атағын алды.

Екінші дүниежүзілік соғысқа Қызылордадан 150 мыңнан
астам азамат аттанды. Қалғандары майдан даласында қаза
болды, хабар-ошарсыз кетті. Сол Сырдан соғысқа аттанған
азаматтардың 23-і Кеңес Одағының батыры атағын алды.

1941 жылдың 22 маусымы. Германия тұтқиылдан КСРО-
ға соғыс ашып, екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Дәл осы
сәтте сәтте Кеңес Одағында 2 миллионнан астам адам әскери
даярлықтан өтіп, майдан даласына аттана бастады.



3-БЕТТЕ



Қаһарлы күндер соғыстың тек қасірет әкелетінін көрсетті. Бейбітшіліктің баға жетпес

Басы 1-бетте

байлық екенін ұғындырды. Ұлы Жеңіс – тарихымыздың ажырамас бөлігі және күллі әлем үшін үлкен сабақ. Біз осы ақиқатты әрдайым есте сақтауымыз керек. Зұлмат кезеңді

ЕЛ РУХЫН КӨТЕРГЕН ӘСКЕРИ ШЕРУ

бастан өткерген майдангерлер қазір ортамызда отыр. Құрметті ардагерлер, барша халықтың атынан сіздерге шын жүректен алғыс айтамын! Аға буынның өшпес ерлігі – ұрпаққа ұлағат. Отаншылдығы мен жанкиярлығы – үлгі-өнеге. Біз Ұлы Отан соғысының ардагерлерін ешқашан ұмытпаймыз! Баршаңызға бас иеміз! – деді ел Президенті.

Әскери шеруді 5 мыңнан астам көрермен тамашалаған. Олардың ішінде Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері, әскери іс-қимылдардың ардагерлері, ҚР Қарулы Күштерінің үздік бөлімшелері, құрмет қарауыл роталары, ҚР Қарулы Күштерінің, өзге де әскерлер мен әскери құралымдардың, әскери құқық қорғау органдарының ардагерлері бар.

Шеруді ҚР Мемлекеттік туы мен Қарулы күштердің жалауын алып ұшқан Ми-171 тікұшағының салтанатты ұшуы ашты. Шеруді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері

Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысы генерал-майор Мереке Көшекбаев басқарды. Алаңда 4 мың әскери қызметші салтанатпен сап түзеіп, адымдап өтті.

Көрермендер әлемдегі ең кең таралған көп мақсатты тікұшақтардың бірі – Ми-17-ні тамашалады. Бұл техника құрлық әскерлерінің мобильділігін арттыруға, жеке құрам мен қару-жаракты жеткізуге, сондай-ақ қиын жағдайларда – таулы аймақтар мен жоғары температурада әскери тапсырмаларды орындауға қолданылады.

Құрлық әскерінің бас қолбасшысы генерал-майор Мереке Көшекбаев әскери шеруге дайындық жоспарға сәйкес толық орындалғанын айтты.

– І сәуірден басталған дайындық 4 мамырда аяқталды. Бұл еліміз үшін өте маңызды шеру болды. 4 мыңнан астам әскери қызметші қатысты, оның ішінде 100-ден астамы әйелдер,

200 техника, 66-ұшақ аппараттары қатысты, – деді бас қолбасшы.

Салтанатты шеру – әскери саладағы ұрпақтар сабақтастығын, халқымыздың жауынгерлік ерлігін бейнелейтін игі дәстүр.

– Астанадағы «Қазақ елі» алаңында өткен әскери шеру ел рухын көтерді. Мұндай ауқымды шаралар болашақ Отан қорғаушыларға патриоттық тәрбие береді. Елімізді оларға сеніп тапсыруға болады. Әскери шеруге Сырдария ауданынан баратын делегация атынан арнайы бардым. Дайындық өте жақсы ұйымдастырылған. Әскери шеру – жай ғана көрініс емес, еліміздегі әрбір әскери құрылымның жауынгерлік деңгейін көрсететін іс-шара. Осы шеру арқылы қазақ халқы еліміздің қорғанысы сенімді қолда екенін көрсетіп отыр, – дейді Сырдария ауданы, Бесарық ауылының тұрғыны Жұмабай Байзақ.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Қай заманда да елін, жерін қорғаған ерлердің есімі халық жадында мәңгі сақталады. Отан үшін от кешкен, бейбіт күннің баянды болуына үлес қосқан ардагерлерге тағзым ету – бүгінгі ұрпақтың перзенттік парызы. Осы орайда Қызылорда қаласындағы №9 мектеп-лицейінде Кеңес Одағының батыры Нағи Илиясовты еске алуға арналған тағылымды кеш өтті.

БАТЫРДЫ ЕСКЕ АЛДЫ



Жиынға Нағи Илиясовтың қызы Алмагүл Нағиқызы мен ұлы Болат Нағиұлы қатысты. Батырды еске алу мақсатында кітаптарынан үзінділер оқылып, арнайы бейнематериал көрсетілді. Сондай-ақ батырдың құрметіне жазылған «Нағи ата» әні шырқалды.

– Менің әкем тек соғыс батыры болған жоқ, еңбек майданында да батыр болды. Ол Қазақ СССР 50 жылдығы атындағы совхоздың ашылуына өз үлесін қосып, сол жерде директорлық қызмет атқарды. 1975 жылы «Қайнар» баспасында басылып шыққан «Совхоз фабрика риса» атты еңбегі – әкемнің елге сіңірген еңбегінің айғағы. Осы кітапты өңдеп, қайтадан басып шығарып, бірнеше данасын осы мектептің кітапханасына тарту еттім. Бұл – осы бағытқа қызығатын ұрпақ оқысын, білсін және өткенге тағзым болсын деген ниетім, – делі Алмагүл Нағиқызы.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нүрсәуле Қосымбайқызының жетекшілігімен қолға алынған «Нағитану» жобасының тұсауы кесілді. Бұл бастама жас буынның тарихи санасын қалыптастырып, елге еңбегі сіңген тұлғалардың өмір жолын үлгі етуге бағытталған.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА,

Қорқыт ата атындағы

Қызылорда университетінің студенті

Жыраулар үйінде Жеңістің 80 жылдығына арналған майдангер ақындардың шығармашылығы насихатталған «Ерлікке тағзым – ұрпаққа үлгі» тақырыбында жыр-концерт өтті. Онда майдан даласында қару мен қаламды серік еткен жауынгер ақындардың жырлары кеңінен насихатталды.

БАТЫРЛАР РУХЫНА ТАҒЗЫМ



Жыр кешінің мақсаты – ұлт рухын көтеру, тарихты тірілту, әрі жас буынға отансүйгіштік рух сыйлау. Майдангер ақындардың шығармашылығы – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің өшпес бір бөлігі. Қан майданда туған отты жырлар бүгінгі ұрпаққа ерліктің, қайсарлықтың, адалдықтың шынайы үлгісі. Бұл кеш – батырлар рухына тағзым, олардың жанкешті еңбегін ел жадында мәңгі қалдыруға бағытталған тағылымды бастама.

Тағылымды шарада майдан жырларын облыстық филармонияның дәстүрлі орындаушылары мен жыраулары Руслан Ахметов, Шолпан Бимбетова, Ақмарал Ноғайбаева, Әділхан Қуанбаев, Марат Сүгірбай, Бисенбек Төлеубаев, Орынбасар Бексұлтан, Тоғжан Өтегеновалар нақышына келтіре орындады.

Кеш соңында майдангер ақындардың ұрпақтары Абдуллай Тажмаханов, Көжденбек Баймаханов, Гаухар Қожажметова, белгілі акын Серік Ыдырысовтар жылы лебізін білдірді.

Ғайһар АСҚАРҚЫЗЫ

СОҒЫС ЖАРАСЫ СЫЗДАЙДЫ

Сұм соғыстың зардабын көрмеген отбасы жоқ шығар. Талай нәзік жандардың мөлдіреген жастық шағы соғыстың ауыртпалығына тап келіп, өрімдей қыздар әскерге баруға жасы келмесе де, еңбек майданына ерте араласты. Сондай арулардың бірі – Марфуға Молтакова ағамыз еліміздің басына қатер төнген кезде небары 14 жаста екен. Астраханның Баклани селосында дүниеге келген қаршадай қыз 11 жасында 9 жасар інісі екеуі әке-шешесінен айырылып тұл жетім қалып, немере ағасының үйін паналайды. Інісі жылқышыларға арбамен су тасыса, өзі де қара жұмысқа жегілген. Сықырлаған сары аязға тоңып, қара жұмыс істеп, жарытып тамақ ішпей, бүтін киім кимей соғыс зардабын көргенін тебірене айтқанда кейуананың жанарына жас іркілді. Ескі жараның орны сыздап тұрғанын сездік. Әрі қарай қария бір терен күрсініп, әңгімесін жалғайды.

– Жауға деген кек керілеп, майданға аттанбақ та болдым. Жүрегім де қатайып кеткен. Балалықтың бал дәмін татпай, жетім қалғаным да мені ерте есейтіп, бойым қайрат-күш берген сынайлы. Батыр ұшқыш қыз Хиуаз Доспанова менің туысқаным еді. Соғысқа алғашқылардың бірі болып аттанды. Соларға еліктеп өстім. Егер жасым келгенде мен де соғысқа барар едім. Соғысқа аттанбақ болып сұранған кезімде жасың жетпейді деп жібермеді. Әйтпесе көкірегімде ыза мен кек қайнап тұрды. Тылда қалғанмен ауыр жұмысқа жегілдік, аштықты, қиыншылықты көп көрдік. Елді тигықтатқан соғыс бітіп, жеңіс деген сүйінші хабарды да есіттік. Алайда соғыстан кейінгі өмір тіптен ауыр болды. Ішегім шұрылдап, ашқұрсақ ұйықтаған кезіміз көп болды. Немістің тұтқындарын көрдік. Ұреймен өмір кештік.

1945 жылы соғыс біткен соң Астраханда 2 жылдық училищеле оқып, электр желісін жөндеуші мамандығын игердім. Ерлер жоғарыға шығып электр сымын жалғағанда мен көмекші болдым. Біздер маманданған соң әр құрал-жабдықтың атын бес саусақтай білдік. Сөйтіп жүргенде 80 адамды Грузияның Тбилис қаласына жұмысқа апарды. Онда 5 жыл жұмыс істедім.

Тағдырдың бұйыртқан дәмі жел айдаған қанбақтай қып Қызылорда облысының Арал ауданына



әкелді. Осында немере апам тұратын. Осылайша Әбдірәйім Шалабаев деген азаматпен отау құрып, қалған өмірімді сол жерде жалғастырдым. Аудандық баспаханада әріп теруші болып жұмыс істедім. Балаларым баспаханада өсті. Ол кезде баламен 3 ай отыратын едік. Несін айтасың, отты жылдардың жаңғырығы әлі санамыздан өшкен емес. Енді келер ұрпақ мұндай қанды қырғынды көрмесе екен. Қазір жасым 98-де. Өттең, аяғым жүрмейді. Әйтпесе жас ұрпақпен кездесіп, соғыста көрген ауыртпалықтарды, түрлі оқиғаны өз аузыммен айтар едім, – дейді ғасырға адымдаған кейуана.

Марфуға ана өзі тұл жетім болған соң ба, ертерек отбасын құрып, перзентті болуды армандаған екен. Ақ жаулықты ананың арманы орындалып, өмірге 5 бала әкелген. Балалары жоғары білім алып, елге абыройлы қызмет етуде. Бүгінде миуалы бәйтеректей шаңырақтың берекесі болып отырған отанасының 11 немере, 5 шөбересі бәйшешектей құлпырып өсіп келеді. Ақ жаулықты ана бүгінгі бейбіт өміріне дән риза. Қарт әже зенгір көкті бұлт шалмауын, сұм соғыстың тұтанбауын тілейді. Ғасырдың шырағын жаққалы отырған кейуананың ақ тілегі қабыл болып, бейбіт күннің шамшырағы дәйім жарқырай берсін!

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

БҰЛ ЖАЙ ҒИМАРАТ ЕМЕС

Орталықтың ашылуына Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мұрат Ерғешбаев, Мархабат Жайымбетов және зиялы қауым өкілдері, ел ағалары арнайы қатысты. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев облыс халқын жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы. Жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті» – деген болатын. Еліміздің болашағы – жастарымызға сапалы білім, саналы тәрбие беруде жүйелі жұмыс атқарылуда. Аймағымызда соңғы үш жылда білім беру саласына бөлінген қаржы көлемі 304 млрд 600 млн теңге болып, 32 пайызға артты. Бұл – жалпы облыс бюджетінің 43 пайызы. Біздің ең бірінші міндетіміз – балалардың білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. 2023 жылы Қызылорда қаласындағы 4 мектепке 1 850 орындық қосымша құрылыс салу есебінен үш ауысымдық оқу мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

Жаңа нысандардың ашылуы – бұл жай ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа дәуірде бәсекеге қабілетті ұландарымызға жаңа мүмкіндіктер сыйлау. Егемен елімізді өркендетудегі, өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі өрелі бастамаларымыз табысты болсын!

Басы 1-бетте



Айтолқын АЙТЖАНОВА



Фильм тақырыбы шақырып тұр. Рас, селт еткізеді. Әрбір эпизод сайын әрі қарай қалай болады екен деген көрерменнің де қызығушылығы басым тұрған тәрзіді. Сұрапыл соғыс талайды жақынынан айырды. Қан майданнан елге оралмаған талай азаматтың артында қара жамылып бір-бір отбасы қалды. Бұл туындыда майданға аттанып, елге оралмаған майдангерлеріміздің қос жесірінің азалы тағдыры баяндалған.

Шығармашылық ұжым Жамбыл облысының Байзақ ауданына қарасты Жақаш ауылына арнайы ат басын бұрып, көзі тірі соғыстың соңғы жесірі 110 жастағы Райхан Әлібайқызының қарабауыр заманда көрген қасіретін өз аузынан естіп, тақсиретке толы әңгімелерін таспаласа, «Жастар» театрының актерлары арқылы Арал ауданының Қаратерен ауылында өмірден өткен соғыс жесірі Иба Смайылқызының өмір жолын боямасыз көрсете білді.

– Шыны керек, елімізде жеңіс сарбаздары, майдангерлер туралы фильмдер көп насихатталады. Алайда жарынан жас қалған жесір тағдырлардың трагедиясы, олардың қасіретке толы өмірі көрсетіле бермейді. Осы орайда қос жанның тағдыры арқылы қазақ даласында өмірден өткен барлық соғыс жесірлерінің үлкен қайғысы арқылы кейінгі ұрпаққа бейбіт өмірдің бағасын білу, елдегі тыныштық пен тәуелсіздік құндылықтарын қадрілеуге дәріптейтін тың дүние үшін шығармашылық ұжымға ризашылығымды білдіремін, – дейді фильмді тамашалауға барған «Аманат» партиясының облыстық филиал төрағасы Алмасбек Есмаханов.

Жанарға жас үйірген фильм арқылы бұрын-соңды қозғалмаған тың тақырыпты берген шығармашылық ұжым да диттеген межесіне жеткен тәрзіді. Өйткені әрбір туындының өміршең болуы да жүректен-жүрекке жетуге ғой.


Аян СПАНДИЯР

Жат жерден 81 жылдан кейін оралған.....

Қасиетті топырақ Ақтайлақтан майданға аттанып, Ленинград түбінде көз жұмған Аштанбай Сағындықов жайлы тағдырлы хикая.

Қаңтар. 1943 жыл. Ленинградтың ақ қар, көк мұз басқан даласы. Аспан сұрланып, айнала тып-тыныш. Тек алыстан естілген зеңбірек гүрсілі мен жаралылардың әлсіз ыңыранған үні ғана өмірдің бар екенін сездіріп тұр. Медициналық-санитарлық батальонның уақытша лазаретінде жатқан бір жауынгердің көкірегінен үздік-үздік дем шығады. Көзіне туған даласы, анасы Айсұлу мен адал жары және үлбіреген үш қызғалдағы елеістеп кеткендей. Соңғы күрсінісі – «Апа... қыздарым-іздерім...» – деді де, үні үзіліп қалды...

Бұл – Аштанбай Сағындықовтың өмірінің соңғы сәті еді.




Аштанбай ата – Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, казіргі Тұрмағамбет ауылынан 1942 жылдың сәуір айында майданға аттанған. Артында егде тартқан анасы – Айсұлу әже, жары және үш бірдей қызы қалған. Сол қыздарының кеңісше – Төлеген апа бүгінде 85 жаста.

Ол өмір бойы әкенің тағдырынан бейхабар болып, жүрегінде бір арманды тербетіп келді. «Әкем қайда қалды?» Бұл сұраққа жауап табу онай болған жоқ. Кеңес кезінде партия-кеңес саласында ұзақ жылдар бойы басшылық қызмет атқарған Төлеген апа архивтермен, әскери комиссариаттағы құжаттармен, интернеттегі іздеу қызметтерімен айналысып, ақыры, 2024 жылы, арада 81 жыл өткенде әкесінің нақты қайда жерленгенін анықтады.

Құжат бойынша Аштанбай Сағындықов 1943 жылдың 15 қаңтарында ауыр жарақаттан көз жұмған. Ол Ленинград облысы, Кирчанский

ауданы, Кириш-Будогашь темір жол вокзалынан 300 метр оңтүстік-батысқа қарай, №53 темір жол бөлігінің тұсындағы белгісіз жауынгерлер жерленген зиратқа қойылған. Сонау майдан даласында, қар басқан темір жол маңында, үнсіздікке сіңіп жатқан боздақтардың бірі сол – Аштанбай ата еді.



Ал Төлеген апа – тек іздеуші емес, әке алдындағы борышын сезінген ардақты жан, адал қыз. Оның адалдығы мен табандылығы арқасында биыл, 2025 жылдың 9-мамырында – Жініс күні, әкесінің топырағы туған жерге – Тұрмағамбет ауылына жеткізіліп, қайта жерленетін болды. Бұл бастамаға Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Машбекұлы үлкен азаматтық танытып, топырақты жеткізу жұмыстарына тікелей қолдау көрсетті.

– Әкемнің бейігі енді белгісіз емес. Оның топырағы туған жерге оралды. Бұл – менің ғана емес, әжем Айсұлудың, анамның және марқұм екі апамның арманы еді, – дейді көзіне жас алған Төлеген апа.

Бұл – тек әкенің рухымен қауышу ғана емес, кешіккен әділеттің орнауы. Бір ұрпақ жоғын түгендеді. Бір ананың құрғамай өткен көз жасы – кеңіше қыздың адал ізденісімен нұр сәулеге айналды.

Темір жолдың бойындағы үнсіз кабір енді үнсіз емес. Онда – туған жерге іңкәр болған, адалдықпен жан тапсырған жауынгердің рухы жатыр. Бүгінде ол – еліне, туған топырағына оралды.

Тұрмағамбет топырағы енді оны қайта құшағына алды.

Тағзым саған, ер Аштанбай! Қош келдің, туған жеріңе!

Берік САЙМАҒАНБЕТОВ,
жыршы,
ҚР мәдениет қайраткері



ХАЛҚЫНА ҚОРҒАН, ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН БАТЫР

Майдан даласында Отан үшін от кешкен батырларымыздың ерлігі – бүгінгі ұрпақ біздерге үлгі өнеге. Облыстық мемлекеттік архивінде сақталған жеке тектік қорлардың қатарына Кеңес Одағының батыры жерлесіміз Нағи Ілиясовтың құжаттары сақталуда. Бұл құжаттарда батырдың өмірбаяны, ұлттық рухымызды дәріптейтін ерліктері баяндалады.

Нағи Ілиясов 1920 жылы 18 сәуірде Қызылорда облысы, Теренөзек ауданының (қазіргі Сырдария ауданы) «Қызыл коммуна» колхозында кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Ата-анасынан жетім қалған Нағи 1928-1936 жылдары Арыс және Ташкент балалар үйінде тәрбеленген. Алдына мақсат қойып, болашаққа сеніммен қараған ол 1936-1939 жылдар аралығында Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде жұмысшылар факультетінде, одан соң педагогикалық училищесін бітірген. 1939-1941 жылдары Ташкент маңындағы Жоғарғы Шыршық ауданындағы орта мектепте тарих, қазақ тілі пәндерінен сабақ берді. 1941 жылы туған еліне оралып, Қызылорда облысына қарасты Теренөзек ауданындағы Жәдігер мектебінде неміс тілі мен тарих пәнінің оқытушысы болып, үлгілі оқытушы деген атақпен жергілікті газетке шықты. 1942 жылы Қызыл Әскер қатарына алынып, Отан қорғау үшін майданға аттанды. Ұрысқа Сталинград майданындағы 152-атқыштар бригадасының жеке артиллерия дивизионының барлаушысы ретінде Астраханға таяу маңда Халкутта поселкесінде алғаш рет қатысады. Астрахань қаласынан 80 км жерден фашистерді қуа отырып Берлинге дейін жетіп, Элиста, Ростов, Донбасс, Киев, Житомир қалаларын азат етуге қатысқан. Батырдың Ұлы Отан соғысының тарихындағы аса ауыр шайқастарының бірі болған Будапешт операциясы еді. Ол төрт айға созылды. 1944 жылдың желтоқсан айында Румыния арқылы №99-шы Қызыл Ту атқыштар дивизиясының барлаушылар взводына Венгрияда Дунай өзенінің жағалауына өтіп, плацдарм алу керектігі бұйырылған еді. Осы ұрыс кезінде Нағи Ілиясов он жақ саңына оқ тиіп жараланады. Венгр халқының бестен бір бөлігі тұратын осынау ала жолға мәдени және тарихи ескерткіштерге өте бай еді. Сондықтан кеңес әскерлері қаланы бүлінуден сақтап қалу мақсатында ұрыс кезінде ауыр артиллерияны қолданбай, бар күш-жігерімен жауға қарсы шайқасады.

1944 жылы 5 желтоқсанда осы Нағи бастаған бөлімше Дунайдың сол жағалауына қайықпен түсті. Тапсырма бойынша Дунайдың ортасына жеткенде жасыл ракетамен белгі берілуі керек еді. Ал жасыл

Сұрапыл соғыстың отты жылдарында толарсақтан қан кешіп, жаумен шайқаста ерлік көрсеткен жауынгерлер есімі ешқашан ұмытылмақ емес.

Екінші дүниежүзілік соғыстың жеңіспен аяқталғанына биыл – 80 жыл. Кескілескен майданды көзбен көріп, Отан үшін от кешкен, қарша бораған оқ пен отқа кеудесін тосып, алапат майданнан аман қайтқандардың бірі – Кеңес Одағының батыры Нағи Ілиясов.



ракета атылғаннан кейін, оларды байқап қалған жау шебі пулеметпен оқ жаудырды. Барлаушылар міндеті – Дунайдың арғы бетіндегі жау бекінісін алу. Батарей командирі майор Семенов, барлаушы Ілиясов және Ивановка, барлығы жеті адамға жау бекінісін талқандау міндеті жүктелген.

Оқ жаңбырша жауып тұр, екі барлаушы өзен бойында окка ұшты. Алға қарай ілгері жылжуға жау дзоты атқылап мүмкіншілік берер емес. Нағи Ілиясов өз бөлімшесімен бірге өзен бойымен еңбектей келіп, бір тар шатқал арқылы жоғары көтеріліп, неміс траншеясына граната лақтырып, автоматпен атқылай бастады. Жүзлеген жауды өлтіріп, оларды траншеядан қуып шықты. Будапешт тас жолын бойлай жүріп, Будапешт арқылы Ерши қаласына бара жатқан оқ-дәрі тиелген 17 жау көлігін байқап қалды. Оларға оқ жаудыра отырып, барлығын да қолға түсіреді. Тағы да жолда Марьянказа қыстағына баратын жолда 9 оқ-дәрі тиелген жау машинасын талқандап, артында қыстаққа кіріп, жау штабын жойды. Сол жерде Нағи Ілиясов аяғынан жараланды. Сонда да майдан алаңынан шықпастан, көмекке келген бөлімшелерімен бірге Будапешт-Ерши темір жолын кесіп тастады. Жүктелген тапсырманы орындап Дунайдың оң жағын жаудан тазартып, ол жерге негізгі күшті орналастырды. Будапешт азат етілгеннен соң, Н. Ілиясовты емделуге госпитальға жіберді.

Дунай өзенінен өтіп Венгрия астанасын неміс басқыншыларынан азат етуге жасаған ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының шешімімен Нағи Ілиясовқа 1945 жылы 9 сәуірде кеңес одағының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен «Алтын жұлдыз» медалі қоса тапсырылған. Майдан даласында көрсеткен ерлігі үшін І дәрежелі Отан соғысы, III-Дәрежелі Даңқ ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін», «Ерлік еңбегі үшін», «Будапешті алғаны үшін», «Венаны алғаны үшін» және тағы басқа орден медальдарымен марапатталған. 1945 жылы 24 маусымда Қызыл алаңдағы Жініс парадына қатысу құрметіне ие болды.

Нағи Ілиясов Венгрия Республикасының Құрметті азаматы, екінші дүниежүзілік соғысында Венгрияға бостандық әкелген солдаттардың бірі екенін біз мақтан ете аламыз.

Соғыс аяқталған соң бейбіт өмірге оралып, туған жерінде партия шаруашылық жұмыстарын атқарған. 1946 жылы қаңтар айынан бастап Нағи Ілиясов

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨНДІРІСТІК ӘЛЕУЕТІ

Әрбір сәттің маңызды шешім қабылдайтын шешуші кезеңге айналған кезінде 14-атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада жасақталып, майдан даласына аттанған алғашқы лек еді... Қазақстандық 36-жеке атқыштар бригадасында 30-дан астам ұлт өкілдері болды. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облысы мен Қырғызстаннан шақырылған азаматтардан атақты Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясы құрылды.

Ал Қазақстан халқының әрбір бесінші азаматы білек сыбанып, соғысқа аттанды. Осы уақытта еңбек армиясының қатарында 700 мың қазақстандық болды.

Басы 1-бетте



Соғыс жылдарында кеңес одағындағы 27 әскери оқу орнынан 16 мың офицер даярлықтан өтсе, 42 мыңнан астам қазақстандық әскери оқу орындарына жіберілген.

Бұл соғыстағы Қазақстанның тарихи маңызы зор еді. Алғашқы сәттерден бастап-ақ, майданның арсеналына, күш-қуатына, қару-жарақтар қоймасына айналған еді. Тіпті неміс фашистері басып алған жерлердегі кәсіпорындар Қазақстанның түкпір-түкпіріне көшіріле бастады. Соғыс басталған 1941 жылдың екінші жартысында қазақ еліне барлығы 142 кәсіпорын көшіріп әкелінді. Оның едәуір бөлігі Алматыда орналасқан. Мысалы, 34 зауыттың, фабрика мен цехтың жабдықтары орнатылды. Тіпті Луганск паровоз жасау зауытының бір бөлігі мен Харьков вагон жөндеу зауыты да әкелінген. Украинадан әкелінген үш фабриканың

аясында Семей аяқ киім фабрикасы құрылды. Жауынгерлерді қажеттіліктермен қамтамасыз ету мақсатында 2 300 шаршы метр өндіріс ауданы сол уақытта даярланған еді. Жоғарыда аталғандардан бөлек, көмір, мұнай өндірістері де «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранның аясында жұмыс істеді. Қорғаныс өнеркәсібінде де басым үлес Қазақстанда еді. Балқаш пен Жезқазғандағы мыс қоры тұтас КСРО қорының жартысынан асып түсетін. Мұның барлығы сараптала келе 1941 жылы шілдеде Шығыс Қонырат молибден кен орнының, Балқаш мыс қорыту зауытындағы мыс тазарту және ұсыатып-үгіту цехтарының құрылыстары әскери маңызды құрылыс санатына жатқызылды.

Шілдеде зауыт құрылысы басталса, қарашада алғашқы өнімдерді өндіре бастады. Ақшатау молибден-вольфрам комбинаты да осындай маңызды құрылыстардың қатарында болатын.

Еліміздегі өнеркәсіп орындарында 1940 жылы 158 мың адам жұмыс істесе, 1945 жылы бұл сан 255 мың адамға жеткен. Сырттан 1,1 млн адам көшіріп әкелінді. Өндірістігі жұмысшылар санының артуына бұл да едәуір ықпал етсе керек.

Жыл сайын майдан даласына қажетті заттар арта түсті. Менделеев кестесіндегі элементтің барлығы табылатын Қазақстанда шикізат көздерінің болуы КСРО-ның оң жамбасына шығып тұрған. Бір ғана 1943 жылдың өзінде қорғаныстық маңызы бар санаттағы ондаған кәсіпорын іске қосылды. Бұрыннан жұмыс істеп тұрғандарында өнім көлемін арттырса, жаңа өндіріс жауды жеңу жолында бар күш-жігерді нығайтатынына сенді. Осы жылы еліміздегі қара металл өндірісінің алғашқы қарлығашы – Ақтөбе ферросплав зауыты іске қосылды. Мұнда бор, фосфор қышқылдары мен сода шығару ісі жолға қойылды. Ал Шымкенттегі дәрі-дәрмек жасау зауыты бұл кезеңде өсімдік құрамын зерттеп, дәріні шөптен жасауды қолға алды.

Бұл құрамға келгенде Теміртаудағы Қарағанды металлургия комбинаты салынды. Ал Алматы, Шымкент және Қарағандыда машина зауыттары іске қосылды. Балқаш, Қарсақбай зауыттарында мыс қорыту жұмыстары қарқын алды. Мұнан бөлек, елде тамақ өнеркәсібі, кондитер фабрикасы, жеміс-жидек, темекі фабрикалары да соғыс жылдарында жұмысын күшейтті. Тағы бір айта кетерлігі, Ертістігі Өскемен ГЭС-і жеңіске бір жыл қалғанда толық салынып бітті.

Қара алтынның отаны атанған Қарағанды кеншілері Сібір, Орал, Поволжье өнеркәсіп аудандарын көмірмен жабдықтады. Осы уақыт аралығында 19 жаңа шахта мен 3 көмір резерві іске қосылған. Соғыстың соңғы үш жылында Қазақстан 2472,2 мың тонна сапалы мұнай өндірген деген дерек бар. Соғыс жылдары қазақ жерінде барлығы 460 зауыт, фабрика, кеніш, шахта тәрізді өндіріс орындары салынған.

Бұл қажеттіліктің барлығының тасымалына темір жол басты рөл атқарған. 1940 жылы соғыстан бұрын 6 581 шақырым болған темір жол ұзындығы соғыс уақытында 8 200 шақырымға жеткен.

Анн СПАНДИЯР

Майданнан хат

Нәлікожа Ергешбаев атындағы №172 орта мектепте өткен «Майданнан хат» танымдық кеш соғыс жылдарындағы жауынгер ақын-жыраулардың шығармашылығын насихаттау арқылы оқушылардың бойына отансүйгіштікті сіңіруді мақсат етті. Жауынгер хаттары арқылы сарбаздардың майдан даласындағы көңіл-күйі мен елге, отбасына деген сағынығыншы көрсетілді.

Іс-шараға Қызылорда облыстық филармониясы жанындағы Жыраулар үйінің дәстүрлі орындаушылары, мектеп ұстаздары мен оқушылар қатысты. Мектеп директоры Мария Байділдаева сөз алып, тәрбиелік шараның маңызын атап өтті.

«Мереке» домбырашылар ансамблі Қадыр Мырза Әлидің «Қазақ осы» әнін орындап, көрермендер жүрегін тебірентті. Сонымен қатар соғыс жылдарында майданнан жазылған хаттар, жауынгерлердің жырлары, ақын Жұмағали Сәин, Қасым Аманжолов, Сырбай Мәуленов, Жүмекен Нәжімеденовтің шығармалары оқылып, сахналық көріністер арқылы көрерменге жол тартты.

Шара барысында сөз алған жыраулар өз тәжірибелерімен бөлісіп, бір дастанды үш сағат жырлай алатын шеберлігі жайында әңгімеледі. Марат Сүгірбай, Шолпан Бимбетова, Ақмарал Ноғайбаева секілді өнер майталмандары жыр аулақ өнердің қазіргі замандағы маңызы мен болашағы жайлы ой өрбітті.

Аңыз тұлға Әбіш Кекілбаевтың «Өнер үшін яки өнерпаз үшін бір-ақ өмір бар – ол үздіксіз ізденіс» деген сөзі осы кештің ұранына айналды. Десе де болады. Ал жыршы Алмас Алматының: «Өнер мұрагер ұрпақтары арқылы ғана дәстүрлі сипатқа айналады» деген пікірі – осындай тәрбиелік іс-шараның басты идеясы.

М.АЯПОВА,
Н.Ергешбаев атындағы
№172 орта мектептің мұғалімі

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180

ЖИЫРМА ЕКІНШІ ҚАРА СӨЗ

Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлейін деп ойлады.

Байды қадірлеймін десең бай жоқ. Бай болса өз басының, өз малының еркі өзінде жоқ. Кей бай өзі біреумен күш таластырамын деп, жүз кісіге қорғалауықтығынан жалынып, малын үлестіріп жүр. Ойлайды: жалынтып бердім деп. Ақымақтығынан. Жоқ, өзі жалынып беріп жүр. Қайыр да емес, мырзалық та емес, өз елімен, өз жерімен ойрандасып, ойсыздарға қойнын ашып, малын шашып жүр. Кей байлар, елдегі құттылар, сүттілер берекелесе алмаған соң, кеселді қулар көбейіп кетіп, көп қорқытып, іздеген нәрсесі жоқ, еріксіз кім болса соған жеміт болып жүр.

Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Біреу бір пайдама келтірем деп мырза болып жүр. Кейбіреуі к...не құрым киізді тұзға малшып тыққан соң есі жығып, мырза болып, еріксіз кім болса соған талтайып емізіп жүр.

Болыс пен биді құрметтейін десең құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ.

Мықтыны сыйлайын десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ.

Есті кісіні тауып құрметтейін десең, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Құлық, сұмдық, арамдық, амалға елдің бәрі де есті.

Ғаріп-қасар бишараны құрметтейін десең, жатқан түйеге міне алмаса да, ол момындыққа есеп емес. Егер мінерлік жайы болса, бірдемені етпей ілерлік те жайы бар.

Енді қалды қу мен сұм, олар өзі де қуартпай, суалтпай тыныштық көрер емес.

Жә, кімді сүйдік, кімнің тілеуін тіледік? Өзі құрттанып шашылған болыс-билер тұра тұрсын. Әлбетте, амал жоқ, момындығынан «Ырыс баққан дау бақпас» деген мақалмен боламын деп бергенінен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштықпен баға алмай, ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момын байларды аямасаң, һәм соның тілеуін тілемесең болмайды. Сонан басқаны таба алмадың.



Биыл елімізде «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Бұл бастама жұмысшы мамандықтарының маңызын арттыруға, жастарды осы салаға тартуға және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадр даярлауға бағытталған.

Қызылорда қаласындағы Смағұл Ысқаков атындағы құрылыс және бизнес колледжінің еңбек нарығының талабына сай білікті, бәсекеге қабілетті маман даярлауға атсалысып жатқан белгілі оқу орындары қатарында. Колледж директоры Әлия Досмаханованың айтуынша, еңбек адамының беделін көтеру, кәсіби білім беру және еңбек нарығына қажетті мамандықтар бойынша оқытуды жетілдіру алға қойған мақсаттың бірі.

– Тарихы терең оқу орны 1956 жылдан бастап кәсіптік және техникалық білім беріп, аймақтағы құрылыс саласының еңбек нарығындағы сұранысын қамтамасыз ететін, кәсіпорындардың, мекемелердің тапсырысына сай жұмысшылар мен орта буын кадрларын даярлап келеді. Негізгі мақсат – ұлттық деңгейдегі шарттарға сәйкес білікті, бәсекеге қабілетті маман даярлау. 600 орындық оқу орнында 492 студент білім алуға. 2021 жылдан бастап жеке кәсіпкер, меценат Сейітқали Алшынбаевтың сенімгерлік басқаруында.

2022 жылы колледж ғимараты толығымен жөндеуден өтті. 2023 жылы қосымша құрылыс жұмысы жүргізіліп, 4 қабатты оқу-өндірістік шеберханамен жабдықталған жаңа оқу ғимараты салынды. Ғимарат базасында «Шебер маман» құзыреттілік орталығында «Тігін», «Тамактануды ұйымдастыру», «Радиоэлектрондық құрал-жабдықтарды жөндеу», «Макеттеу», «Электр жабдықтарды техникалық күту және жөндеу» шеберханалары құрылды. Сонымен қатар «Жиһаз өндірісі», «Дәнекерлеу ісі» мамандықтары бойынша 2 қабатты оқу-өндірістік шеберхана салынды. 2024 жылы колледж ауласынан 2 қабатты спорт кешені салынып пайдалануға берілді, – дейді Әлия Амангелдіқызы.

Колледжде 4 мамандық бойынша 178 студентке дуальды оқыту енгізілген. Жиһаз өндірісіне – 44,



дәнекерлеу ісіне – 19, тігін өндірісі мен киімдерді үлгілеуге – 50, электр жабдықтарының түрлері бойынша 65 студент білім алуға.

Айта кетейік, дуальды оқыту – кәсіптік білім берудің бір түрі. Білім алу барысында уақыттың көп бөлігі жұмыс орнында өтеді. Жұмыс берушілермен келісімшарт жасалып, студенттер жұмыс істеген сағатына жалақы алады. Әлеуметтік жеңілдік жасалып, ыстық тамақ, жол жүру ақысы төленеді. Диплом алған соң кәсіпорынға жұмысқа орналасады.

– Осы бағытта колледжде «Тігін өндірісі және киімді модельдеу» бойынша «Dalateх» ЖШС, «Тігін өндірісі» бойынша «Ас-Қа» компаниясымен, дәнекерлеу ісі бойынша «Тілеубаева» ЖҚ, электр жабдықтары (түрлері мен салалары бойынша) – «КРЭК», «Жиһаз өндірісі»

бойынша «Сыр Жиһазы» ЖШС, «Аbusaif» ЖШС мекемесімен келісімшарт жасалды. Нәтижесінде «Сыр жиһазы» ЖШС-де 44 студент өндірістік тәжірибеден өтті. Сондай-ақ «Аbusaif» ЖШС-те бірқатар студенттер білім алумен қатар жұмыс істейді. Біз студенттер үшін тиімді жағын ойластырып, өндірісте еңбек етудің тиімділігін тәжірибемен дәлелдеп отырмыз. Жұмысшы мамандығына ынталандырудың бір жолы осындай қадам деп ойлаймын, – дейді колледж директоры.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР МЕКЕНІ

Мектеп, білім, мұғалім бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл сөздің құдіретін ұға білу де парыз. Шәкірттері білімді, дарынды мектептер қаламызда көптеп саналады. Солардың бірі – Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейі. Биыл мектепке – 40 жыл. Осы 40 жыл уақыт ішінде мыңдаған түлек осы мектепте білім алды. Олар қазіргі таңда өмірін әр саласында жемісті еңбек етуде. Білім мен тәрбиені қатар берген мектепте түлектер көңіл түкпірінен өшірмейтін талай өнегелі істер бар.

Бүгінгі таңда заман ағымы өрендерге әр түрлі бағытта бағдар беруге үлкен жауапкершілікті талап етіп отыр. Дарынды бала бәріміздің мақтанышымыз, сонымен бірге ол – ортасының өнегесі. Тәрбие ісі озықты үлгі етуге негізделгендіктен, балалардың кез келген жетістігін сынып та, мектеп те насихаттап, талабын ұштап отыру әрқазы маңызды. Бұл тұрғыдағы жұмыс мектеп директоры Бақытжан Дүйсенбаевтың қолдауымен жоғары деңгейде жүргізіліп келеді.

– Ұрпағымыз білімді, болашағымыз жарқын болуы үшін жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру – бүгінгі күннің басты талабы. Оқушылар еліміздің туын аспандатып, тұтқасын ұстар тірегі жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті ұрпақ болып өсуі қажет. Біздің мектептің басты ұстанымы да – осы, – дейді мектеп директоры Бақытжан Дүйсенбаев.

Білім ұясының тарихына тоқталып өтсек, 1985 жылы сегіз жылдық мектеп болып ашылды. 1987 жылдан бастап, №23 орта мектеп болды. 2000 жылы мектепке Кеңес Одағының батыры Жәлел Қизатовтың есімі берілді. 2005 жылы мектеп алдына батырдың бюсті орнатылды. 2009 жылдан бастап мектеп-лицей статусын алып, оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беріп, білім көшін одан әрі жалғап келеді.

Тарих парактарын зерделесек, оқу ордасын әр кезеңде Әбсәмет Құсайынов, Мария Алдонгарова, Раушан Қарсақбаева, Наталья Жұмаділдаева, Ләйла Қожаниязова секілді азаматтар басқарған. Олар мектептің материалдық-техникалық базасын жақсартуға және оқу – тәрбие үрдісін жаңартуға күш салды.

40 жылдық тарихы бар білім ұясы бүгінде көптеген жетістікке жетті. Мәртебесі биіктеп, түлектері көптеген беделді оқу орнына түсіп, елге қызмет етуде. Мектеп мұғалімдерінің қажырлы жұмысының нәтижесінде әр оқу жылында білім олимпиадасына қатысқан өрендер жүлдемен оралады. Оқушылардың білім деңгейі жыл сайын түлектер арасында өтетін ұлттық



бірыңғай тестілеу нәтижесінде таразыланып келеді. Мектеп түлектері ҰБТ-дан жақсы нәтиже көрсетіп, абыройы асқақтай түседі. Мектепте 1989-1990 оқу жылы мен 1991-1992 оқу жылы аралығында 6 күміс медаль, 1992-1993 оқу жылы мен 2016-2017 оқу жылы аралығында 69 үздік аттестат иегерлері болса, 1999-2000 оқу жылында Қызылорда облысы бойынша ең алғашқы «Алтын белгі» иегері Роза Тайманова салған жолды жалғастырушылар қатары жылдан-жылға артып келеді. 2000-2024 жылдар аралығында мектепте 91 түлек «Алтын белгі» иегерлері, 58 түлек «Үздік аттестат» иеленді.

Үкілеген үмітті ақтаған олар қазақстандық жоғары оқу орындарының мемлекеттік грант иегері атанған. Бұл мектептен ұстаз тәлімі мен тағылымын бойына сіңірген қаншама шәкірт түлеп ұшты. Олар бүгінде арман мақсаттарына қол жеткізіп, еліміздің түкпір-түкпірінде халыққа қызмет етіп жүрген маман иелері.

Білім жолы – қиын да қасиетті жол. Бұл жолда тынымсыз еңбек, толассыз ізденістен жалықпайтын жандар ғана нәтижелі табыстарға жете алады. Қазіргі таңда мектеп жаңаша кейіпке енген. Мұғалімдердің шығармашылықпен айналысуына, оқушылардың сапалы білім алуына мүмкіндік мол. Соның нәтижесінде жыл сайын мектеп мұғалімдері кәсіби байқаулардан,

оқушылары пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалардан жоғары нәтиже көрсетіп, республикалық деңгейде жүлделі орындары иеленіп келеді. Атап айтсақ, ІІІ республикалық «Сардар» пәндік олимпиадасының жеңімпазын даярлаған алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Р.Оғай «Ы.Алтынсарин» атындағы төсбелгіні иеленген. Биология пәні мұғалімі А.Қиясова республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауынан ІІ орын, Оқу-ағарту министрлігінің «Үздік педагог – 2022» атағын және «Үздік педагог» төсбелгісін иеленіп, ал 2023 жылы ұстаз «Ы.Алтынсарин»



атындағы төсбелгі иегері атанған. 2024 жылы республикалық дәрежедегі эксперт, мектептің педагог-шебер ұстазы, физика-математика пәнінің мұғалімі Д.Жұматаева «Ы.Алтынсарин» атындағы төсбелгісімен марапатталған. Ал өткен жылы олимпиада, ғылыми жобалар мен байқаулар нәтижесімен қалалық білім бөлімінің жыл қорытындысы бойынша мектеп ұжымы «Дарынды оқушылар мекені» номинациясын иеленді. Биыл мерейлі жылда «40 жылға – 40 жоспар» аясында түрлі ауқымды шаралар ұйымдастырылуда.

– Білім ордасының 40 жылдығы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» мекемесімен бірлесіп отырып, «Сөз маржан» атты зияткерлік сайыс өтті. Достық пен татулықты ұлықтаған шарада оқушылар белсенділік танытып, үш тілді еркін меңгергенін, ұлттық тәрбиені бойына сіңіргенін көрсетті. Сонымен қатар химия және биология пәні мұғалімдерінің қатысуымен «Ізденіс. Тәжірибе. Нәтиже» тақырыбында онлайн форматта республикалық семинар болып өтті. Одан бөлек, түлектермен кездесу өтті. Бұл шараға мектеп ардагер-ұстаздары, мектеп түлектері, оқушылардың ата аналары қонақ болып, концерттік бағдарламаның куәгері болды.

Сонымен қатар «Тамыры терең мектебім» атты мерекелік іс-шара өтті. Мерекелік жиынға

облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов, ардагер ұстаздар, Кеңес одағының батыры Ж.Қизатовтың отбасы мүшелері, мектеп түлектері қатысты. Салтанатты шара кеңес одағының батыры Ж.Қизатовтың ескерткішіне гүл шоғын қою рәсімінен басталды. Шара аясында мектеп тарихына арналған «Батыр атындағы білім ордасы» кітабының тұсаукесер рәсімі, кеңес одағының батыры Ж.Қизатова арналған «Ерлікке тағзым» атты бұрыштың таныстырылымы болды. Шара соңы мерекелік концертке жалғасты.

Мерейлі жылдағы мәнді іс-шараның бірі Жәлел Қизатов атындағы ағылшын тілінен пәндік олимпиаданың өтуі. Сонымен қатар жыл бойы қалалық, облыстық, республикалық деңгейде конференциялар, шеберлік сыныптар, пәндік олимпиадалар, әр алуан бағыттағы түрлі сайыстар мен байқаулар, спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Осы шараларды қорытындылап, А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде қорытынды концерт өтті. Бұл күні білім мен тәрбиені қатар алып жүрген бірқатар мектеп мұғалімдері марапатталды, – деді мектеп директоры Бақытжан Дүйсенбаев.

Білім ұясы 40 жыл уақыт аралығында талай толағай табыстарға жетті. Шәкірттеріне тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытты.

Айттолқын АЙТЖАНОВА

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баса үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабардастуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4391 Тапсырыс №760

Нөмірдің кезекші редакторы Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА